Негіздеме

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 32 бабының 12 тармағына сәйкес, көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты объектілер материалдық мәдени құндылықтар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 13 мамырдағы «Қазақстан Республикасының музей қорын қалыптастыру және күтіп ұстау қағидаларын бекіту туралы» № 129 бұйрығының 2 тармағының 2.1 және 5.1 тармақшасына сәйкес, Қор сатып алу комиссиясының оң шешімінің негізінде ұсынылған мәдени құндылықтар - Азат Каимбаевтың жеке коллекциясынан ұсынылған қайқы қылышы пен пілте мылтық.

Ұсынылған қылыш қазақтың дәстүрлі жүзді қаруының үлгісі болып табылады. Қылыштың жүзі дамаск болатынан жасалған. Ежелгі дәуірлерден бастап мұндай болат Таяу Шығыс, Алдыңғы және Орталық Азия аймақтарына ең ірі өндірістік әрі сауда қару-жарақ орталығы – Дамаск қаласынан таралған. Дамаск болатынан жасалған қылыш жүзі әрдайым өте жоғары бағаланған, өйткені оларды дайындау үлкен шеберлік пен кәсіби дағдыларды талап ететін, еңбек сыйымдылығы жоғары өндіріс түріне жатады. Аталған қылыш қазақ батырларының соғыс қаруы болып табылады.

Жіңішке, иілген, бір жүзді қылыш. Жүзі болаттан, сабы металдан жасалған. Сабы иілген пішінді. Бас жағы қошқардың басы түрінде орындалып, бедерлі өрнекпен нақышталған. Көз ұяларына көгілдір түсті тас – бирюза тасы орнатылған. ақтарда қару-жарақтағы қошқар бейнесі, көптеген халықтардың мәдениетіндегідей, терең символдық мәнге ие. Қазақ мәдениетінде қошқар бейнесі өнердің түрлі салаларында, соның ішінде қару-жарақта да, ең жиі қолданылатын өрнектердің бірі болып табылады. Қошқар береке мен байлықтың нышаны саналады, өйткені қой шаруашылығы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен экономикасында маңызды орын алған. Сонымен қатар, ол күш-қуат пен ерліктің символы ретінде қабылданып, иесіне батылдық пен төзімділік дарытатын тұмарлық мәнге ие болған. Діни тұрғыдан алғанда, қошқар бейнесі игілік пен қорғанышты білдіруі мүмкін.

Ұсынылып отырған XVIII ғ. жасалған қайқы қылышы тарихи-мәдени, антикварлық, музейлік құндылығы жоғары.

Пілте мылтық XIX ғ ортасында жасалған ұстаның қол жұмысы. Қазақ қару-жасау шеберлері (ұсталар) сегіз қырлы ұңғыларды түркі және Орта Азия металлургиялық мектебінен мұраға қалған дәстүрлі құйма әдістерімен дайындаған.
Сегіз қырлы ұңғылы капсюльді пілте мылтық. Құндағы ағаштан. «Т.О.З.» (Тула қару-жарақ зауыты) өндірісінің, «1865» таңбасы бар. Ұру-түсіру механизмі капсюльді жүйеде, сыртқы иілген шүріппесі бар. Дүмі тұтас ағаштан жасалған, пішіні қарапайым, сәндік өрнексіз. Иіні жұмсақ, мойны ұстауға ыңғайлы болу үшін сәл жіңішкертілген. Мойны ұзын, ұңғының төменгі бөлігін жауып, металл шығыршықтармен бекітілген.

Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениеті, этнографиясы мен тарихына қатысты ұсынылып отырған музейлік мәні бар заттардың тарихи-мәдени, музейлік құндылығы жоғары.

Бас қор сақтаушы **Р.Тұрсымбекова**